

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2656 нөмірмен тіркелген " Уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 341-НҚ бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 5 шілдедегі N 299-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2982. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 235-НҚ Бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.10.14 № 235-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы N 1141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 11-тармағының 14) тармақшасына және 20-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. "Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 341-НҚ (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, "Ресми газетте" 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 4 (161) жарияланған бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) белгілеу ережесінде:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың 5 пайызынан асатын тарифтік сметаның бап бойынша орындалмауы;"

21-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Табиғи монополия субъектісі уақытша өтемдік тарифті (бағаны, алым ставкасын) қолдану кезеңінде алған табысты анықтау үшін, тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі (Тшек.) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{\text{шек}} = \frac{T \times V - (П + 0,5 \times A)}{V}, \text{ мұндағы}$$

Tшек - тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі, теңге;

V - бекітілген тарифтік сметада нақтыланған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жылдық көлемі;

П - бекітілген тарифтік сметада нақтыланған табыс, теңге;

A - бекітілген тарифтік сметада нақтыланған жылдық амортизация, теңге";

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) (ӨтемТ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ӨтемТ} = \frac{T \times V - Н Д к}{V}, \text{ мұндағы}$$

ӨтемТ - уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы), теңге.

23. Уақытша өтемдік тарифтің қолданыстағы кезеңін (бұдан әрі - қолданыстағы кезең) уәкілетті орган айқындайды:

1) егер  $\text{Өтем Т} < T_{\text{шек}}$ . болған жағдайда, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{Н Д к}{(T - T_{\text{шек}}) * V}, \text{ мұндағы}$$

n - уақытша өтемдік тарифтің қолданыс кезеңі.

Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейінің деңгейінде бекітіледі:

$$\text{Ө тем Т} = T_{\text{шек}};$$

2) егер  $\text{Ө тем Т} \geq T_{\text{шек}}$ . болған жағдайда, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{Н Д к}{(T - \text{Ө тем Т}) * V} .";$$

24-тармақ алынып тасталсын;

қ о с ы м ш а д а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі(Тшек):

$$\text{Тшек.} = \frac{T \times V - (\Pi + 0,5 \times A)}{V} = \frac{8 \times 1000 - (500 + 0,5 \times 3000)}{1000} = \frac{8000 - 2000}{1000} = 6 \text{ теңге/м}^3, \text{ мұндағы}$$

500 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда;  
3000 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация;  
6 теңге/м<sup>3</sup> - тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі . "

мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Уақытша өтемдік тарифтің деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Өтем } T = \frac{T \times V - \text{НДк}}{V} = \frac{8 \times 1000 - 6500}{1000} = 1,5 \text{ теңге/м}^3$$

1,5 теңге/м<sup>3</sup> - уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейі .

5. ӨтемТ < Т шек. екенін ескере отырып, қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{\text{Н Д к}}{(T - T \text{ шек}) * V} = \frac{6500}{(8-6)*1000} = 3,25$$

3,25 жыл (немесе 3 жыл 3 ай) - тұтынушыларға шеккен залалдарды өтеу кезеңі .

Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасы) (ӨтемТ) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейінде - 6 теңге/м<sup>3</sup>, оның қолданыс кезеңі - 3 жыл 3 ай болып бекітілуге тиіс.

6. Егер  $T > T_{\text{шек}}$  болған жағдайда, уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейімен оның қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

бекітілген тариф (баға, алым ставкасы)  $T = 8$  теңге/м<sup>3</sup>,  
 бекітілген тарифте (бағада, алым ставкасында) қабылданған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі  $V = 1000$  м<sup>3</sup>

1) негізсіз алынған табыс (НТ) - 1350 теңге сомасында айқындалады;  
 2) негізсіз алынған табыс сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (НТк) шешім қабылдаған күнге қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып былай айқындалады:

$$НТк = НТ \times \frac{(100 + k)}{100} = 2350 \times \frac{100 + 7,5}{100} = 1451,25 \text{ теңге, мұндағы}$$

1350 теңге - негізсіз алынған табыс сомасы;  
 7,5 % - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы;

1451,25 теңге - қайта қаржыландыру ставкасын ескере отырып негізсіз алынған табыс сомасы;

3) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі былай айқындалады:

$$T_{\text{пр}} = \frac{T \times V - (\Pi + 0,5 \times A)}{V} = \frac{8 \times 1000 - (500 + 0,5 \times 3000)}{1000} = \frac{8000 - 6000}{1000} = 2 \text{ теңге/м}^3, \text{ мұндағы}$$

500 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген пайда;  
 3000 теңге - бекітілген тарифтік сметада ескерілген жылдық амортизация, теңге;

2 теңге/м<sup>3</sup> - тарифтің (бағаның, алым ставкасының) болуы мүмкін ең аз шекті деңгейі;

4) уақытша өтемдік тарифтің деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Өтем } T = \frac{T \times V - НДк}{V} = \frac{8 \times 1000 - 1451,25}{1000} = \frac{6548,75}{1000} = 6,54 \text{ теңге/м}^3$$

6,54 теңге/м<sup>3</sup> - уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) деңгейі.

7. Өтем  $T > T$  шек. екені ескерілген қолданыс кезеңі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$n = \frac{H Д к}{(T - \text{Өтем}T) * V} = \frac{1451,25}{(8-6,54)*1000} = \frac{1451,25}{1460} = 0,99$$

0,99 жыл (немесе 11 ай 26 күн) - тұтынушыларға шеккен залалдарды өтеу кезеңі.

Уақытша өтемдік тарифтің (бағаның, алым ставкасының) (ӨтемT) деңгейі 6,54 теңге/м<sup>3</sup> құрайды, оның қолданыс кезеңі - 11 ай 26 күн."

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аумақтық органдары уақытша өтемдік тарифінің (бағаның, алым ставкасының) қолданыс кезеңін қайта санасын және бекітілген уақытша өтемдік тарифті(бағаны, алым ставкасын) осы бұйрықпен енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып қайта қ а р а с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департаменті (Григорьева С.П.) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Токарева М.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі құрылымдық бөлімшелерімен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК